

Рухани-адамгершілік тәрбие отбасынан басталады.

Біртұтас тәрбие – бұл ата-ананың балаға қоятын талаптарының, құндылықтарының және әрекеттерінің бірізділігі мен үйлесімділігі. Егер ата-аналар тәрбие барысында әртүрлі әдістерді қолданса немесе бір-біріне қарама-қайшы талаптар қойса, балада түсініксіздік пен тәртіпке бағынбау туындауы мүмкін. Біртұтас тәрбие – бұл баланың сенімді, тәртіпті әрі үйлесімді тұлға болып өсуінің кепілі. Ата-аналар арасындағы келісім мен ынтымақтастық баланың дұрыс тәрбиеленуіне үлкен әсер етеді. Сондықтан тәрбие мәселесінде ортақ ұстанымдарды анықтап, өзара түсіністікпен әрекет етіңіз. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұрпағымызға қадір қасиет, арнамыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Сондықтан ата-аналарға мынадай кеңестер береміз:

Ортақ ережелерді белгілеңіз;

Баланың алдында бірдей ұстанымды ұстаныңыз. Әке бір нәрсені рұқсат етіп, анасы оған тыйым салса, бала қайшылыққа ұшырайды. Отбасы ережелерін алдын ала келісіп, бәріне түсінікті етіп белгілеңіз.

Оның пікірін тыңдап, өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік беріңіз.

Тәрбиені сүйіспеншілікпен жүргізіңіз

Балаңызға махаббат пен қолдау көрсетіңіз. Қандай жағдай болмасын, оның сіз үшін қымбат екенін сезінуі керек.

Жылы сөздер айтып, оны жиі құшақтаңыз, бұл баланың эмоционалды тұрақтылығын қалыптастырады.

Бүгінгі бала ертеңгі қоғам ал осы балаларды тәрбиелеп отырған қазіргі жастар және орта буын ол біздің ата-аналарымыз. Осыған орай, қазіргі жастардың бойында ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық сананы қалыптастырудың маңыздылығы – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сондықтан Қазақстандық білім беру ұйымдарында біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілуде.

